

**«ДАРЫН» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ
ОРТАЛЫҒЫ**

**«ОРЫС МЕКТЕБІНДЕГІ ҚАЗАҚ ТІЛІ» ПӘНІ БОЙЫНША
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ОЛИМПИАДАНЫҢ ҮШІНШІ (ОБЛЫСТЫҚ)
КЕЗЕҢІ (2022-2023 ОҚУ ЖЫЛЫ)**

__9__ сынып, __1__ тур

Жұмыс уақыты: 90 минут

I Оқылым бойынша ұпай саны – 30 балл

- 1. Берілген сұрақтарды мәтін мазмұнына сәйкес ретпен (бірізділікпен) орналастыру. (5 балл)
- 2. 1-ші тапсырмадағы сұрақтарға өз сөзімен жауап жазу. (10 балл)
- 3. Мәтінде берілген мәліметті қайда қолдануға болатынын жазу (5 балл)
- 4. Мәтінге қатысты қосымша ақпарат келтіру. (5 балл)
- 5. Мәтінге тақырып қою. (5 балл)

II Жазылым бойынша ұпай саны – 30 балл

- Эссе құрылымының сақталуы (5 балл)
- Оқушының жеке көзқарасын білдіруі (5 балл)
- Өмірмен байланыстыруы (5 балл);
- Ұсынылған тезистердің нақты дәлелдемелермен дәйектелуі (аргументтер) (5 балл);
- Тақырып бойынша ой жүйесі; мағыналық тұтастық (5 балл);
- Сауаттылық (пунктуация, орфография, логикалық заңдылықтың сақталынуы) (5 балл).

9-сынып І тур

Оқылым

Шығыс Қазақстан және Алматы облысының дәл ортасында орналасқан емдік қасиеті мол Алакөл көлі туралы ел аузында сақталған аңыздар мен тарихи деректер мол. Ертеректе жарты әлемнің билеушісі болған Шыңғыс хан өзінің жаралы әскерін Жоңғар қақпасы арқылы Алакөлдің емдік суына шомылуға әкеліп отырған. Жауынгердің денесіндегі қылыштың, садақтың жараларын емдеу үшін осы рәсімді дәстүрге айналдырған. Ал ол кездегі Алакөлдің атауы «Түрге-Нұр» еді. Бұл атаудың моңғол тілінен аудармасы «Көпір көл» деген мағынаны білдіреді. Осыған дейін көлдің бірнеше атауы болған. «Алакта», «Алактагөл», «Ала теңіз», «Гаган», «Қимақтар теңізі» деп аталған. Бұдан бөлек Жібек жолының керуендері көл жағасын басып өткендіктен, оның суы мен ауасы ұзақ жолдан әлсіреген, науқас адамдардың денсаулығын құр аттай етіп, емдеп жіберетіндігі ерте кезден белгілі болған. Осы қасиетінен хабардар болған Кеңес Үкіметі өз тұсында осы мекенде «Ғарышкерлер үйін» тұрғызған. Бұл жерде тек кеңестік ғарышкерлер ғана емес, әуеден оралған өзге елдің ғарышкерлері де бойындағы радиациядан арылу үшін ем қабылдаған.

Аслан Қажиев

Оқылым тапсырмалары. 30 балл

1. Берілген сұрақтарды мәтін мазмұнына сәйкес ретпен (бірізділікпен) орналастырыңыз. (5 балл)

- А) Көл атауының моңғолша аудармасы қандай?
 - Ә) «Ғарышкерлер үйі» не үшін салынған?
 - Б) Жауынгерлердің көлге келу себебі қандай?
 - В) Алакөл көлі қайда орналасқан?
2. 1-ші тапсырмадағы сұрақтарға өз сөзіңізбен жауап жазыңыз. (10 балл)
3. Мәтінде берілген мәліметті қайда қолдануға болады? (5 балл)
4. Мәтінге қатысты қосымша ақпарат келтіріңіз. (5 балл)
5. Мәтінге тақырып қойыңыз. (5 балл)

Жазылым. 30 балл

Әдеби эссе тақырыптары

1. Шешеннің сөзі - шамшырақ
2. Мектептегі салауатты өмір салты
3. Білімді болудың маңызы зор
4. Әлемдік экологиялық проблемалар
5. Бұлақ көрсең, көзін аш

Критерийлер:

- Эссе құрылымының сақталуы (5 балл)
- Оқушының жеке көзқарасын білдіруі (5 балл)
- Өмірмен байланыстыруы (5 балл);
- Ұсынылған тезистердің нақты дәлелдемелермен дәйектелуі (аргументтер) (5 балл);
- Тақырып бойынша ой жүйесі; мағыналық тұтастық (5 балл);
- Сауаттылық (пунктуация, орфография, логикалық заңдылықтың сақталынуы) (5 балл).